

Гүлдана Мұхтарбекқызы

ТАЗША БАЛА

Күнді қайтару

Ертегі

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӘЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5Қаз)
М86

Мұхтарбекқызы Г.

М86 Тазша бала: Күнді қайтару: Ертегі. / Гүлдана Мұхтарбекқызы.

– Алматы: Астана-кітап, 2021. – 30 б.

ISBN 978-601-7595-42-5

Бір күні аспандағы Күн жоғалып, Жер бетін түнек басады. Күн жоғалған соң Жердегі тіршілікке қауіп төнеді. Сол кезде Тазша бала Күнді қайтару үшін шытырман оқиғаға толы сапарға шығады. Тазша кімді кездестіреді? Олар мақсатына жете алды ма? Күнді кім жасырып қойды?

Бұл ертегі Тазша бала мен оның достарын оқырманға қайтадан қауыштыра-ды. Мейірімділік, достық пен батылдықтың әлемді құтқара алатынын көрсетеді.

ӘӘЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-42-5

© Астана-кітап, 2021

ТАЗША БАЛА



Ертеде бір бала болыпты. Оның ата-анасы елге жау шапқан кезде қайтыс болады. Сөйтіп, бала алты жасында тұл жетім болып қалады. Ол бір керуенге ілесіп, Отырар қаласына барады. Сол жақта базар алдында өткен-кеткен адамдардан қайыр сұрап күн көріпті. Оның шын аты Нұрлыбек еді. Бірақ баланың басы тақыр, киімі сабалақ болғандықтан, жұрт оны Тазша бала деп атап кетіпті.



Бір күні Тазша бала базар алдында отырған қарт кісіні көреді. Қарттың сақал-мұрты ағарған, көзінде бір мұң бар. Тазша қартты аяп, қасына барады.

– Ассалаумағалейкүм, ата!
– деп амандасады.


– Уағалейкүмассалам!
Өркенің өссін, балам!

– Мен тұл жетім Тазшамын, үйім жоқ, күйім жоқ! Менің мұңым сол. Ал сіз неге мұңайып отырсыз? – деп сұрайды.



– Еее, балам. Мен 70-ке келіп, сақал-шашым ағарған қартпын. Өмір бойы бір перзентке зар боп өттім. Егер де бір балам болса, мен оны ізгілікке тәрбиелеп, бар білгенімді үйретер едім, – деп қарт арманын айтты.

– Егер мен сізге бала болғым келеді десем, сіз мені асырап алар ма едіңіз? – деп сұрайды Тазша.



Қарт Тазшадан мұндайды күтпеген сияқты. Оның әжет мінезіне сүйсініп:

– Бәлкім, өмір бойы күткен балам сен боларсың. Ендеше менімен бірге жүр! Үйде әжең күтіп отыр, – дейді қарт қуанышы қойнына сыймай.

Осылайша, Тазша баланы қарт кісілер бауырына басады. Тазша келген соң, ол үйге бақыт пен береке кіреді. Әжесі күнде дәмді тамақтар пісіреді. Тазша балаға жаңа киім тігіп береді. Оған бар мейірін төгіп, жақсылыққа баулиды.